## Азаматтық хал актілерін тіркеу саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру парағын бекіту туралы

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2017 жылғы 6 наурыздағы № 242 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2017 жылғы 24 наурыздағы № 126 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 3 сәуірде № 14970 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2022 жылғы 23 қарашадағы № 957 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2022 жылғы 25 қарашадағы № 90 бірлескен бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Әділет министрінің 23.11.2022 № 957 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 25.11.2022 № 90 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 141-бабының 3-тармағына және 143-бабының 1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫЗ**:

1. Мыналар:

1) осы бірлескен бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес азаматтық хал актілерін тіркеу саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

2) осы бірлескен бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес азаматтық хал актілерін тіркеуді жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органдары құрылымдық бөлімшелерінің (тіркеуші органдардың) қызметін тексеру парағы бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақтың орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтіні өзгертілмейді – ҚР Әділет министрінің 02.11.2018 № 1522 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 02.11.2018 № 58 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

2. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі және заң қызметін ұйымдастыру департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді және ресми жариялауды;

2) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Әділет министрінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бірлескен бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының**
**Әділет министрі**
**________ М. Бекетаев**

**Қазақстан Республикасының**
**Ұлттық экономика министрі**
**_________ Т. Сүлейменов**

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Бас прокуратурасының
Құқықтық статистика
және арнайы есепке алу
жөніндегі комитетінің
Төрағасы
________________ Б. Мусин
2017 жылғы "___" _____________

Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
2017 жылғы 6 наурыздағы
№ 242 және
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2017 жылғы 24 наурыздағы
№ 126 бірлескен бұйрығына
1-қосымша

## Азаматтық хал актілерін тіркеу саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 02.11.2018 № 1522 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 02.11.2018 № 58 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Азаматтық хал актілерін тіркеу саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары (бұдан әрі – Өлшемшарттар) 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне, 2002 жылғы 18 наурыздағы " Әділет органдары туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2018 жылғы 31 шілдедегі № 3 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17371 болып тіркелген) бекітілген мемлекеттік органдардың тәуекелдерді бағалау жүйесін қалыптастыру қағидаларын және тексеру парақтарының нысанын бекіту туралы ережесіне сәйкес әзірленген.

2. Осы Өлшемшарттарда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) болмашы бұзушылықтар - ата-аналардың немесе некеге отыратындардың ( ерлі-зайыпты болатындардың) ниеті бойынша баланың тууын, неке қиюды ( ерлі-зайыпты болуды) тіркеуші органдардың арнайы жабдықталынған үй-жайларында не арнайы осыған арналған мемлекеттік неке сарайларында салтанатты жағдайда мемлекеттік тіркеумен байланысты азаматтардың құқығын бұзу, кіріс құжаттарды жеке және заңды тұлғалардың тіркеу журналдарында, сондай-ақ электрондық құжат айналымы жүйесінде тіркелуінде болмауы, тіркеуші органның орналасқан жерінің өзгеруі туралы ақпаратты уақтылы ұсынбау;

2) елеулі бұзушылықтар – азаматтық хал актілерін тіркеу туралы есептілікті уақтылы ұсынбау, қызметінен босатылған лауазымды тұлғаның "АХАЖ ТП" АЖ жұмыс жасау үшін пайдаланылатын логинін бұғаттау үшін өтінімді жолдамау, лауазымды тұлғалардың "АХАЖ ТП" АЖ жұмыс жасау үшін басқа лауазымды тұлғаның жеке логинін пайдалануы, азаматтық хал актілерін тіркеу тәртібін бұзу, азаматтық хал акт куәлік бланкілерін мақсатқа сай пайдаланбау, өтінішті қарау нәтижелері бойынша азаматтық хал актілерін тіркеуден негізсіз бас тартуды беру , азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша ратификацияланған халықаралық шарттарды тиісінше орындамау, екінші даналары бойынша акт жазбаларына өзгерістер, түзетулер мен толықтырулар енгізу туралы хабарламаларды, сондай-ақ тегін, атын, әкесінің атын өзгерту туралы, акт жазбаларына өзгерістер, түзетулер мен толықтырулар енгізу туралы, акт жазбаларын қалпына келтіру және күшін жою туралы қорытындылардың екінші даналарын уақтылы ұсынбау, азаматтық хал актілерінің тіркелгені туралы қайталама куәліктер мен анықтамаларды тиісінше бермеу, азаматтық хал акт жазбаларына өзгерістер, түзетулер, толықтырулар енгізуді, оларды қалпына келтіру, күшін жоюды тиісінше орындамау, акт кітаптарын тиісінше дайындамау және сақтамау, бір және одан көп расталған шағымның немесе өтініштің болуы, ресми интернет ресурстары мен баспа шығарылымдарда азаматтық хал актілерін заңсыз тіркеу фактілері туралы ақпараттың болуы;

3) тәуекел дәрежесін бағалаудың объективті өлшемшарттары (бұдан әрі – объективті өлшемшарттар) – белгілі бір қызмет саласында тәуекел дәрежесіне байланысты және жеке бақылау субъектісіне тікелей байланыссыз бақылау субъектілерін іріктеу үшін пайдаланылатын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары.

4) өрескел бұзушылықтар – азаматтық хал актілерін тіркеу кезінде жеке тұлғалардың құқықтары мен мүдделерінің бұзылуына (кемсітілуіне) әкеп соққан заңдылықты бұзу, "АХАЖ Тіркеу пункті" ақпараттық жүйесіне (бұдан әрі – " АХАЖ ТП" АЖ) қате, толық емес және анық емес мәліметтерді енгізу, шетел

азаматтарына, азаматтығы жоқ адамдарға қатысты азаматтық хал актілерін тіркеуге өтінішті қабылдау тәртібін бұзу, азаматтық хал актілері куәлік бланкілерін тиісінше есепке алмау және сақтамау, азаматтардың дербес деректерін, жеке өмірінің құпиясын, әке болуды анықтауды, бала асырап алуды жариялау, некеге тұруға кедергі келтіретін мән-жайларды жасыру туралы фактілер анықталған кезде әкімшілік жауаптылыққа тарту туралы хаттаманы жасамау немесе азаматтық хал актілерін тіркеу кезінде жалған мәліметтерді хабарлау, бақылау субъектісіне қатысты соттың жеке қаулыларды немесе ұйғарымдарды шығаруы фактісінің орын алуы, соттың кінәсі көрсетілген тіркеу фактісін жарамсыз деп тану туралы заңды күшіне енген шешімді шығаруы, сондай-ақ лауазымды адамдардың әрекеттеріне немесе әрекетсіздігіне негізделген шағымдарға сәйкес соттың кінәсі көрсетілген бақылау субъектісіне қатысты заңды күшіне енген шешімді шығаруы фактілерінің болуы;

5) тәуекел – салдарының ауырлық дәрежесін ескере отырып, бақылау субъектісінің қызметі нәтижесінде жеке, заңды тұлғалардың және мемлекеттің заңды мүдделеріне зиян келтіру ықтималдылығы;

6) бақылау субъекті – азаматтық хал актілерін тіркеуді жүзеге асыратын, жергілікті атқарушы органдардың құрылымдық бөлімшелері (бұдан әрі – тіркеуші орган);

7) тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттары (бұдан әрі – субъективті өлшемшарттар) – нақты бақылау субъектінің қызметі нәтижелеріне байланысты бақылау субъектілерді іріктеу үшін пайдаланылатын тәуекелдер дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

3. Азаматтық хал актілерін тіркеу саласында бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылау үшін тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары субъективті және объективті өлшемшарттар арқылы қалыптастырылады.

## 2-тарау. Объективті өлшемшарттар

4. Тәуекелдердің жоғары деңгейіне объективті өлшемшарттар бойынша жергілікті атқарушы органдардың азаматтық хал актілерін тіркейтін тіркеуші органдары жатады.

5. Тәуекелдердің жоғары дәрежесіне бақылау субъектілерінің жеке және отбасылық өмір құпияларын, асырап алу құпияларын заңсыз таратуға, жеке деректерді таратуға және мемлекет кепілдік берген құқықтар мен бостандықтардың бұзылуына әкелуі мүмкін, жеке және отбасылық өмір құпияларын сақтауға, асырап алу құпияларын, азаматтардың құқықтарын

қорғауға байланысты, жеке тұлғалардың заңды мүдделеріне, бақылау субъектілерінің қызметі нәтижесінде мемлекеттің мүдделеріне зиян келтіру мүмкіндігіне байланысты жүзеге асырылады.

6. Тіркеуші органдарға қатысты кезектен тыс тексерулер, субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылау арқылы өткізіледі.

Объективті өлшемшарттар бойынша жоғары дәрежелі тәуекелге жатқызылған бақылау субъектілеріне қатысты, бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылау өткізу мақсатында субъективті тәуекелдер қолданылады.

**3-тарау. Субъективті өлшемшарттар**

7. Субъективті өлшемшарттарды айқындау мынадай:

1) деректер қорын қалыптастыру және ақпарат жинау;

2) ақпаратты талдау және тәуекелдерді бағалау кезеңдерін қолданыла отырып жүзеге асырылады.

8. Деректер қорын қалыптастыру және ақпарат жинау Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзатын бақылау субъектілерін анықтау үшін қажет.

Тәуекел дәрежесін бағалау үшін мынадай ақпарат көздері пайдаланылады:

1) бақылау субъекті ұсынатын, оның ішінде автоматтандырылған ақпараттық жүйелер арқылы ұсынатын есептілік пен мәліметтерді мониторингтеу нәтижелері;

2) алдыңғы тексерулер нәтижелері және бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылау;

3) мүдделі мемлекеттік органдар мен мекемелер ұсынатын деректер талдауының қорытындылары;

4) расталған шағымдар мен өтініштердің болуы және саны;

5) мемлекеттік органдардың ресми интернет-ресурстарын, бұқаралық ақпарат құралдарын талдау.

9. Бар ақпарат көздері негізінде субъективті өлшемшарттар бұзушылықтың үш дәрежесіне бөлінеді: өрескел, елеулі, болмашы.

Бақылау субъектісін тәуекел дәрежесіне жатқызу үшін мынадай тәуекел дәрежесі көрсеткішін есептеу пайдаланылады.

Бір өрескел бұзушылық анықталған кезде бақылау субъектісіне 100 тәуекел дәрежесінің көрсеткіші теңестіріледі және оған қатысты бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізіледі.

Егер өрескел бұзушылықтар анықталмаса, онда тәуекел дәрежесінің көрсеткішін айқындау үшін елеулі және болмашы дәрежедегі бұзушылықтар бойынша қосынды көрсеткіш есептеледі.

Елеулі бұзушылықтар көрсеткішін айқындау кезінде 0,7 коэффициенті қолданылады және бұл көрсеткіш мына формула бойынша есептеледі:

$SP_з = (SP_2 x 100/SP_1) x 0,7$

мұндағы:

$SP_з$ – елеулі бұзушылықтардың көрсеткіші;

$SP_1$ – елеулі бұзушылықтардың талап етілетін саны;

$SP_2$ – елеулі бұзушылықтардың анықталған саны.

Болмашы бұзушылықтар көрсеткішін айқындау кезінде 0,3 коэффициенті қолданылады және осы көрсеткіш мына формула бойынша есептеледі:

$SPн = (SP_2 x 100/SP_1) x 0,3$

мұндағы: SPз – болмашы көрсеткіштердің көрсеткіші;

$SP_1$ – болмашы бұзушылықтардың талап етілетін саны;

$SP_2$ – болмашы бұзушылықтардың анықталған саны;

Тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші (SP) 0-ден 100-ге дейінгі шәкіл бойынша есептеледі және мына формула бойынша елеулі және болмашы бұзушылықтардың көрсеткіштерін қосу арқылы анықталады:

$SP = SP_з + SPн$

мұндағы:

SP – тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші;

$SP_з$ – елеулі бұзушылықтардың көрсеткіші;

SPн – болмашы бұзушылықтардың көрсеткіші.

Бақылау субъектілері қызметінің тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшартары осы Өлшемшарттарға қосымшада көрсетілген.

Тәуекел дәрежесінің көрсеткіштері бойынша бақылау субъекті мыналарға:

1) 61-ден бастап 100-ді қоса алғанға дейінгі тәуекел дәрежесінің көрсеткіші кезінде және оған қатысты бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізілгенде – жоғары тәуекел дәрежесіне;

2) 0-ден 60-қа дейінгі тәуекел дәрежесінің көрсеткіші кезінде және оған қатысты бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізілмегенде – жоғары дәрежеге жатқызылмаған тәуекел дәрежесіне жатады.

Ақпаратты талдау және тәуекелді бағалау кезінде нақты бақылау субъектісіне қатысты бұрын ескерілген және пайдаланылған субъективті өлшемшарттардың деректері қолданылмайды.

Бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізу мерзімділігі жылына бір реттен аспауы тиіс.

Алынған мәліметтерді талдау және көрсеткіштер бойынша бағалау жылына бір рет келесі жылдың бірінші сәуіріне дейін жүргізіледі. Өткен жыл талдау кезеңі болып табылады.

Бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылау тізімдері негізінде жүргізіледі.

Бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылау тізімдері субъективті өлшемшарттар бойынша ең жоғары тәуекел дәрежесінің көрсеткіші бар бақылау субъектілердің басымдығы ескеріле отырып жасалады.

Азаматтық хал актілерін тіркеу
саласындағы тәуекел дәрежесін
бағалау өлшемшарттарына
қосымша

## Бақылау субъектілері қызметінің тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшартары

| № | Азаматтық хал актілерін тіркеу саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары | Бұзушылық дәрежесі |
|---|---|---|
| 1. Бақылау субъекті ұсынатын, оның ішінде автоматтандырылған ақпараттық жүйелер арқылы ұсынатын есептілік пен мәліметтерді мониторингтеу нәтижелері | | |
| 1 | "АХАЖ ТП" АЖ мәліметтерді қате, толық емес және анық емес енгізу | Өрескел |
| 2 | Азаматтық хал актілерін тіркеу туралы есептілікті уақтылы ұсынбау | Елеулі |
| 3 | Қызметінен босатылған лауазымды тұлғаның "АХАЖ ТП" АЖ-де жұмыс жасау үшін пайдаланылатын логинін бұғаттау үшін өтінім жолдамау | Елеулі |
| 4 | Лауазымды тұлғалардың "АХАЖ ТП" АЖ-де жұмыс жасау үшін басқа лауазымды тұлғаның жеке логинін пайдалануы | Елеулі |
| 2. Бұрынғы тексерістер және бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылау нәтижелері | | |
| 1 | Баланың тууын мемлекеттік тіркеуді туу туралы медициналық куәлік немесе туу фактісін анықтау туралы сот шешімінің көшірмесі негізінде жүзеге асыру | Өрескел |
| 2 | Баланың тууын мемлекеттік тіркеуді баланың туған жері бойынша немесе ата-анасының не | Өрескел |

| | | |
|---|---|---|
| | олардың біреуінің тұрғылықты жері бойынша тіркеуші органдардың жүргізуі | |
| 3 | Туу туралы акт жазбасында баланың нақты туған жерін Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық бірлігінің атауына сәйкес көрсету ( Қазақстан Республикасынан тыс жерде, экспедицияларда және тіркеуші органы жоқ шалғай жерлерде, сондай-ақ анасының теңіз, өзен, әуе кемесінде немесе поезда болған уақытында туған балаларды қоспағанда) | Елеулі |
| 4 | Баланың тууын мемлекеттік тіркеуді үш жұмыс күні өткен соң берілген өтініш бойынша тіркеуші орган жасаған белгіленген мерзімді бұзумен баланың тууын мемлекеттік тіркеу туралы қорытындының негізінде жүзеге асыру | Елеулі |
| 5 | Баланың тууын мемлекеттік тіркеуді ата-анасы немесе олардың біреуінің не олардың нотариат куәландырған сенімхаты бойынша өкілінің, ал олар қайтыс болған, науқастанған немесе өзге де себептермен өтініш жасау мүмкін болмаған жағдайда – мүдделі адамдардың немесе бала туған кезде анасы жатқан медициналық ұйым әкімшілігінің жазбаша өтініші бойынша жүзеге асыру | Елеулі |
| 6 | Баланың тууын мемлекеттік тіркеуді ата-анасының жеке басын куәландыратын құжаттардың, сондай-ақ неке қию (ерлі-зайыпты болу) туралы куәліктің көшірмелері ұсынылған кезде жүзеге асыру (тастанды және табылған балаларды, сондай-ақ некеде тұрмаған аналардан туған балалардың тууын мемлекеттік тіркеуді қоспағанда) | Елеулі |
| | Баланың тууын мемлекеттік тіркеуді Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын немесе уақытша болатын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар өз мәртебесіне сәйкес | |

| | | |
|---|---|---|
| 7 | келетін жеке басын куәландыратын құжаттарын, оның мәтінінің нотариат куәландырған мемлекеттік немесе орыс тілінде аудармасын ұсынылған кезде жүзеге асыру | Өрескел |
| 8 | Баланың тууын мемлекеттік тіркеуді белгіленген мерзімді бұза отырып, ата-анасының түсініктемесі, баланың туған жері мен ата-анасының тұрғылықты жері бойынша туу туралы жазбаның болмауы туралы анықтама (Қазақстан Республикасының аумағында 2008 жылдан кейін туған балаларды қоспағанда), баланың денсаулығы туралы анықтаманы (Қазақстан Республикасының аумағында туған, екі айға дейінгі жаңа туған балаларды қоспағанда) ұсынылған кезде жүзеге асыру | Елеулі |
| 9 | Некеде тұрған (ерлі-зайыпты болған) кезде бойға біткен және әкесі қайтыс болғаннан кейін немесе неке (ерлі-зайыптылық) бұзылғаннан кейін не неке ( ерлі-зайыптылық) жарамсыз деп танылғаннан кейін туған баланың тууын мемлекеттік тіркеу, егер баланың әкесі қайтыс болған немесе неке (ерлі-зайыптылық) бұзылған не ол жарамсыз деп танылған күннен бастап екі жүз сексен күннен аспаса, жалпы негізде жүзеге асыру | Өрескел |
| 10 | Тууды тіркеу туралы жазбаға неке (ерлі-зайыптылық) бұзылған, ол бала туғаннан кейін жарамсыз деп танылған кезден бастап екі жүз сексен күн асқаннан кейін анасының бұрынғы жұбайын, баланың әкесі етіп, әке болуды анықтау туралы акт жазбасы негізінде жазу | Өрескел |
| 11 | Туу туралы акт жазбасында босанған әйелдің жұбайы болып табылмайтын адамды жазбаша мойындаған жағдайда және оның күйеуінің жазбаша келісімі болған жағдайда әке болуды анықтауды тіркеу және тууды тіркеу кезінде баланың әкесі етіп жазу | Өрескел |

| | | |
|---|---|---|
| 12 | Баланың тууын мемлекеттік тіркеу кезінде, егер баланың ата-анасы бір-бірімен некеде тұрмаса ( ерлі-зайыпты болмаса), баланың тууын мемлекеттік тіркеумен бір мезгілде әкесі белгілі болған және тіркелген жағдайда, әке болуды анықтау туралы актілер жазбасының негізінде баланың әкесі етіп жазу | Өрескел |
| 13 | Тууды жазу кітабында баланың әкесінің тегін анасының тегі бойынша, баланың аты мен әкесінің аты оның көрсетуі бойынша жазу, егер әкесі анықталмаса, некеде тұрмаған ( ерлі-зайыпты болмаған) анасының өтініші бойынша жүзеге асыру | Елеулі |
| 14 | Баланың әкесі туралы мәліметтерге түзетулерді некеде тұрмаған ананың өтініші бойынша енгізу | Елеулі |
| 15 | Баланың тууын тіркеу туралы акт жазбасында ата-анасының қай ұлтқа жататынын Қазақстан Республикасы азаматтарының ұлтын Қазақстан Республикасы азаматтарының жеке басын куәландыратын құжаттарында, шетелдік ұлтын оның шетелдік төлқұжатында көрсетілген ( шетелдіктің шетелдік төлқұжатында ұлты туралы мәлімет болмаған кезде оның ұлты өзі азаматы болып табылатын шет мемлекеттің құзыретті органы берген құжатқа сәйкес айқындалуы мүмкін) ұлтына сәйкес көрсету | Елеулі |
| 16 | Тууды мемлекеттік тіркеу кезінде баланың тегін ата-аналарының тегі бойынша, ата-аналарының тегі әртүрлі болған кезде балаға ата-анасының келісімі бойынша әкесінің немесе анасының тегін не баланың тегі ұлттық дәстүрлер ескеріле отырып, баланың әкесінің немесе атасының атымен жазу | Өрескел |
| 17 | Азаматтардың ниеті бойынша ұлты қазақ адамдардың тегі мен әкесінің атын жазуда қазақ тіліне тән емес аффикстерді алып тастап, ал олардың орнына әкесінің атына | Елеулі |

| | | |
|---|---|---|
| | : –ұлы, -қызы деген сөздер қосып жазу | |
| 18 | Жеке тұлғаның тегіне "тегі", " ұрпағы", "немересі", "шөбересі", " келіні" деген және басқа да сөздерді қосып жазуға жол бермеу | Өрескел |
| 19 | Ата-аналардың тілегі бойынша баланың тегін, атын және әкесінің атын олардың ұлттық ерекшеліктеріне сәйкес жазу | Елеулі |
| 20 | Тауып алынған, тастанды (бас тартылған) баланың тууы ішкі істер органдарының, қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органның, білім беру ұйымдары әкімшілігінің немесе бала орналастырылған медициналық ұйымның өтініші бойынша тауып алынған, бас тартылған немесе қалдырылған күннен бастап жеті тәуліктен кешіктірілмей мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыру | Елеулі |
| 21 | Тауып алынған, тастанды (бас тартылған) баланың тууын бала тауып алынған кездегі уақыт, орын және мән-жайлар көрсетіле отырып, ішкі істер органы немесе қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын орган жасаған хаттама немесе акт; тауып алынған баланың жасы мен жынысын растайтын медициналық ұйым берген құжат және басқа да бала туралы дербес мәліметтер қоса беріле отырып мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыру | Елеулі |
| 22 | Өлі туған балаға және өмірінің алғашқы аптасында қайтыс болған балаға туу туралы куәлікті беруге жол бермеу | Елеулі |
| 23 | Бала өмірінің алғашқы аптасында қайтыс болған жағдайда оның тууын мемлекеттік тіркеу - туу туралы медициналық анықтаманың негізінде, ал қайтыс болған жағдайда перинатальдық қайтыс болуы туралы куәліктің негізінде баланың тууын мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыру | Елеулі |

| | | |
|---|---|---|
| 24 | Бір жасқа толған және одан үлкен баланың тууын мемлекеттік тіркеу ата-аналардың немесе өзге де мүдделі адамдардың жазбаша өтініші бойынша, туу туралы медициналық куәлік, тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің тіркеуші органының туу туралы акт жазбасының жоқтығы туралы хабарламасы (Қазақстан Республикасының аймағында 2008 жылдан кейін туылған балаларды қоспағанда), денсаулық жағдайы туралы анықтамалар, ата-анасының жеке басын, некесін (ерлі-зайыптылығын) куәландыратын құжаттар, өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжат қоса беріле отырып баланың тууын мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыру | Елеулі |
| 25 | Кәмелетке толған адамның жазбаша өтініші бойынша тууды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыру | Елеулі |
| 26 | Бір жасқа толған және одан асқан баланың тууын мемлекеттік тіркеуді тіркеуші органның қорытындысы негізінде жүзеге асыру | Елеулі |
| 27 | Ата-аналардың ниеті бойынша тіркеуші орган баланың тууын салтанатты жағдайда мемлекеттік тіркеуді өз үй-жайында не арнайы осыған арналған мемлекеттік неке сарайларында қамтамасыз ету | Болмашы |
| 28 | Әке болуды анықтауды баланың ата-анасының әке болуды анықтау туралы бірлескен өтініші, анасы қайтыс болған, анасы қайтыс болды деп жарияланған; анасы психикалық аурудың немесе ақыл-есі кемдігінің салдарынан әрекетке қабілетсіз деп танылған; анасы ата-ана құқықтарынан айырылған не шектелген; баланың анасының тұрғылықты жерін анықтау мүмкін болмаған жағдайларда баланың әкесінің өтініші; әке болуды анықтау туралы, сондай-ақ әке болуды тану фактісін және әке болу | Өрескел |

| | | |
|---|---|---|
| | фактісін анықтау туралы сот шешімі негізінде мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыру | |
| 29 | Әке болуды анықтауды және неке қиюды әрекетке қабілетті тұлғалардың өтініші бойынша мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыру | Өрескел |
| 30 | Баланың туған жері бойынша әке болуды анықтауды, баланың әкесінің немесе анасының тұрғылықты жері бойынша не әке болуды анықтау туралы немесе әке болуды тану фактісін және әке болу фактісін анықтау туралы сот шешімі шығарылған жері бойынша, анасы қайтыс болған немесе ол әрекетке қабілетсіз деп танылған, анасының болған жерін анықтау мүмкін болмаған жағдайда немесе ол ата-ана құқықтарынан айырылған жағдайда, баланың орналасқан жері бойынша мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыру | Өрескел |
| 31 | Ата-аналардың өздері келген жағдайда, олардың бірлескен өтініші бойынша әке болуды анықтауды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыру (егер ата-аналардың біреуі дәлелді себеппен өтініш беру үшін тіркеуші органға өзі келе алмаған жағдайда, оның өтініштегі қолтаңбасы нотариат куәландыруға тиіс) | Өрескел |
| 32 | Әке болуды анықтауды мемлекеттік тіркеуді ата-аналардың бірлескен өтінішімен бірге ата-аналарының жеке басын куәландыратын құжаттар және баланың туу туралы куәлігі (туу мен әкелікті анықтауды бір уақытта мемлекеттік тіркеуді қоспағанда), ал мұндай өтініш бала туғанға дейін берілген жағдайда медициналық ұйым немесе жеке дәрігерлік практикамен айналысатын дәрігер берген анасының жүктілігін растайтын медициналық анықтама ұсынылған кезде жүзеге асыру | Елеулі |
| | Әке болуды анықтауды мемлекеттік тіркеу кезінде | |

| | | |
|---|---|---|
| 33 | баланың әкесінің атын оның ішінде кәмелетке толған баланың да, егер оның тарапынан қарсылық болмаса, әкесінің аты бойынша беру | Өрескел |
| 34 | Егер баланың ата-аналары ол туғаннан кейін неке қиса, ( ерлі-зайыпты болса) балаға қатысты әке болуды анықтауды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыру | Елеулі |
| 35 | Әке болуды анықтауды мемлекеттік тіркеуді өзінің баланың әкесі екенін мойындаған адамның өтінішіне оның жеке басын куәландыратын және анасының болмауының мән-жайын растайтын құжаттар: анасының қайтыс болуы туралы куәлік; психикалық аурудың немесе ақыл-есі кемдігінің салдарынан анасын әрекетке қабілетсіз деп тану туралы, оны қайтыс болды деп жариялау туралы, анасын ата-ана құқықтарынан айыру не оны шектеу туралы сот шешімі; анасының тұрғылықты жерін анықтаудың мүмкін еместігі туралы анықтама қоса беріп жүзеге асыру | Елеулі |
| 36 | Баланың тегі өзінің баланың әкесі екенін мойындаған адамның өтініші бойынша қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органның келісімімен, баланың әкесінің атын, оның ішінде кәмелетке толған балаға да қатысты, егер оның тарапынан қарсылық болмаса, әкесінің аты бойынша әке болуды анықтауды мемлекеттік тіркеу кезінде анықтау | Елеулі |
| 37 | Әке болуды анықтау туралы, сондай-ақ әке болу фактісін және әке болуды тану фактісін анықтау туралы сот шешімінің негізінде әке болуды анықтауды мемлекеттік тіркеу бала анасының , әкесінің немесе қорғаншысының не қамқоршысының өтініші бойынша жүзеге асыру | Елеулі |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| 38 | Әке болуды анықтауды мемлекеттік тіркеуді өтінішке әке болуды анықтау туралы соттың шешімі, сондай-ақ, әке болу фактісін және әке болуды тану фактісін анықтау туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің көшірмесі, өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжаттар және баланың туу туралы куәлігі негізінде жүзеге асыру | Елеулі |
| 39 | Сот шешімі бойынша әке болуды анықтауды және тууды мемлекеттік тіркеу кезінде әкесі туралы мәліметтерді сот шешіміне сәйкес көрсету | Елеулі |
| 40 | Баланың тегін - сот шешіміне сәйкес, ал мұндай жазба болмаған кезде өтініш берушінің көрсетуі бойынша әке болуды анықтауды мемлекеттік тіркеу кезінде сот шешімінің негізінде беру | Елеулі |
| 41 | Баланың туын және әке болуды анықтауды мемлекеттік тіркеу кезінде өтінішті бір мезгілде берген кезде, әке болуды анықтау туралы және туу туралы акт жазбасына әке туралы мәліметтерді жазу | Елеулі |
| 42 | Кәмелетке толған адамдарға қатысты әке болуды анықтауды мемлекеттік тіркеуді – олардың жазбаша келісімімен ғана, ал егер ол әрекетке қабілетсіз деп танылса , оның қорғаншысының немесе қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органның келісімімен жүзеге асыру | Елеулі |
| 43 | Әке болуды анықтауды мемлекеттік тіркеу кезінде туу туралы акт жазбасына әке болуды анықтау туралы акт жазбасының негізінде тиісті өзгерістер енгізу және баланың туу туралы куәлігін беру | Елеулі |
| 44 | Неке қиюды (ерлі-зайыпты болуды) мемлекеттік тіркеуді некеге отыру (ерлі-зайыпты болу) туралы бірлескен жазбаша өтініштің негізінде жүзеге асыру | Өрескел |

| | | |
|---|---|---|
| 45 | Бір жынысты адамдардың, олардың біреуі болса да басқа тіркелген некеде (ерлі-зайыптылықта) тұратын адамдардың, жақын туыстардың, бала асырап алушылар мен асырап алынған балалардың, асырап алушылардың балалары мен асырап алынған балалардың, соттың заңдық күшіне енген шешімі бойынша олардың біреуі болса да психикалық ауруы немесе ақыл-есі кемдігі салдарынан әрекетке қабілетсіз деп танылған адамдардың арасында неке қиюға (ерлі-зайыпты болуға) жол бермеу | Өрескел |
| 46 | Неке қиюды (ерлі-зайыпты болуды) мемлекеттік тіркеу некеге отыратын (ерлі-зайыпты болатын) адамдардың ниеті бойынша Қазақстан Республикасының аумағындағы кез келген тіркеуші органда жүзеге асыру | Елеулі |
| 47 | Некені (ерлі-зайыптылықты) мемлекеттік тіркеуді некеге отыру (ерлі-зайыпты болу) туралы бірлескен өтініш берілген күннен бастап бір ай мерзім өткен соң жүзеге асыру (дәлелді себептерді (жүктілік, баланың туыу, тараптардың бірінің өміріне тікелей қатер төнуі және басқа да ерекше мән-жайлар) қоспағанда) | Елеулі |
| 48 | Некені (ерлі-зайыптылықты) мемлекеттік тіркеуді егер неке қию (ерлі-зайыпты болу) туралы өтініш берген кезде некеге отыратын (ерлі-зайыпты болатын) адамдардың екеуінің бірдей тіркеуші органда болуы мүмкін болмаса немесе оған қатысуы тым қиын болса (бір-бірінен алыста тұруы, ауыр науқастануы, жүріп-тұру қиындығымен байланысты мүгедектігі, әскери қызмет өткеруі және басқалары), толтырылған және некеге отыратын (ерлі-зайыпты болатын) адамдардың екеуі бірдей қол қойған неке қию (ерлі-зайыпты болу) туралы өтінішті олардың біреуінен қабылдайды, ол кезде | Елеулі |

| | | |
|---|---|---|
| | жоқ адамның қойған қолын тіркеуші органның басшысы куәландыруы және азаматтың тұрған жері бойынша тіркеуші органның, нотариустың немесе Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес нотариаттық іс-әрекеттер жасауға құқық берілген өзге де лауазымды адамның мөрімен бекітілуі мүмкін . | |
| 49 | Неке қиюды (ерлі-зайыпты болу) мемлекеттік тіркеу кезінде, Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын немесе шетелде уақытша болатын Қазақстан Республикасының азаматы жеке куәлігін не төлқұжатын; шетелде тұрақты тұратын Қазақстан Республикасының азаматы - оның шетелде тұрақты тұратын Қазақстан Республикасының азаматы ретінде есепке алынғаны туралы шетелдегі консулдық мекеменің белгісі бар Қазақстан Республикасы азаматының төлқұжатын, Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетелдік, шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруға арналған ықтиярхатын, Қазақстан Республикасында уақытша болатын шетелдік Қазақстан Республикасының ішкі істер органы берген Қазақстан Республикасында уақытша тұруға рұқсат ететін құжатын, Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын азаматтығы жоқ адам тұрғылықты жері бойынша тіркелгендігі туралы Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының белгісі бар азаматтығы жоқ адамның куәлігін, Қазақстан Республикасында уақытша болатын азаматтығы жоқ адам оның жеке басын куәландыратын, өзі тұратын елдің құзыретті органдары берген және Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарында белгіленген тәртіппен тіркелген құжатын ұсынғанда жүзеге асыру | Елеулі |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| 50 | Неке қиюды (ерлі-зайыпты болу) мемлекеттік тіркеуді басқа мемлекеттің аумағында тұрақты тұратын шетелдік, азаматтығы жоқ адам жеке басын куәландыратын құжаттардың мәтінінің нотариат куәландырған қазақ тіліндегі немесе орыс тіліндегі аудармасын ұсынған кезде жүзеге асыру | Өрескел |
| 51 | Еркектер мен әйелдер үшін он сегіз жас деп белгіленген неке ( ерлі-зайыптылық) жасына жеткендердің және неке қиюын ( ерлі-зайыпты болуын) мемлекеттік тіркеуді және қалыңдықтың жүкті болуы немесе ортақ бала туған кезде неке қию ( ерлі-зайыпты болу) жасын екі жылдан аспайтын мерзімге төмендетіп жүзеге асыру | Өрескел |
| 52 | Неке қиюды (ерлі-зайыптылықты) мемлекеттік тіркеуді кәмелетке толмаған азаматтарға қатысты (16-дан 18 жасқа дейін) белгіленген неке жасын азайту қажеттігін растайтын құжаттарды, неке ( ерлі-зайыптылық) жасына толмаған адамдардың ата-аналарының не қамқоршыларының жазбаша келісімімен, олардың жеке басын куәландыратын құжаттары беріле отырып жүзеге асыру | Өрескел |
| 53 | Неке қиюды (ерлі-зайыпты болуын) мемлекеттік тіркеу кезінде некеге дейінгі тегін екінші жұбайының тегіне өзгертуге ниет білдірген жұбайға неке қию ( ерлі-зайыпты болу) туралы акт жазбасында ортақ тек ретінде таңдап алынған тегін көрсету | Елеулі |
| 54 | Неке қию (ерлі-зайыпты болу) туралы акт жазбасын жасаған кезде бұрынғы тектерінде қалуға ниет білдірген ерлі-зайыптылардың тектерін қалдыру | Елеулі |
| | Неке қиюды (ерлі-зайыпты болуын) мемлекеттік тіркеу кезінде өзінің некеге дейінгі тегіне екінші жұбайының тегін қосып жазуға ниет білдірген жұбайға | |

| | | |
|---|---|---|
| 55 | неке қию (ерлі-зайыпты болу) туралы акт жазбасында қосылатын тегі некеге дейінгі тегінен кейін сызықша арқылы жазу | Елеулі |
| 56 | Неке қиюды (ерлі-зайыпты болуын) мемлекеттік тіркеу кезінде, егер некеге отыратын ( ерлі-зайыпты болатын) адамдар ( адамдардың біреуі) ауыр науқастануы салдарынан немесе басқа да дәлелді себеп бойынша тіркеуші органға келе алмайтын жағдайда, неке қиюды ( ерлі-зайыпты болуды) мемлекеттік тіркеу оның үйінде, медициналық немесе өзге де ұйымда некеге отыратын ( ерлі-зайыпты болатын) адамдардың қатысуымен жүзеге асыру. | Елеулі |
| 57 | Неке қиюды (ерлі-зайыпты болуды) мемлекеттік тіркеу кезінде, тіркеуші органның лауазымды адамы некеге отыруға (ерлі-зайыпты болуға) ниет білдіргені туралы берілген өтініштерді жария етеді, болашақ жұбайлардың құқықтары мен міндеттерін түсіндіреді, келісімді және жұбайлардың таңдаған тегі туралы шешімді анықтайды, кедергінің жоқ екендігін анықтайды, мемлекет атынан неке қию (ерлі-зайыпты болу) туралы белгіленген үлгідегі куәлікті тапсырады | Елеулі |
| 58 | Неке қиюды (ерлі-зайыпты болуды) мемлекеттік тіркеу кезінде, неке қиюға (ерлі-зайыпты болуға) кедергі болмаған кезде азаматтық хал актілерін жазу кітабына некеге отыратын ( ерлі-зайыпты болатын) адамдардың қолы қойылған және тіркеуші орган басшысының қолы қойылған және елтаңбалы мөрімен бекітілген неке (ерлі-зайыптылық) туралы жазба енгізеді | Елеулі |
| 59 | Неке қиюға (ерлі-зайыпты болуға) кедергі келтіретін мән-жайлардың бар екенін растайтын айғақтары | Елеулі |

| | | |
|---|---|---|
| | болса, неке қиюды (ерлі-зайыпты болуды) мемлекеттік тіркеуден бас тарту | |
| 60 | Неке қиюды (ерлі-зайыпты болуды) салтанатты жағдайда мемлекеттік тіркеу некеге отыратындардың (ерлі-зайыпты болатындардың) ниеті бойынша тіркеуші органдардың арнайы жабдықталынған үй-жайларында не арнайы осыған арналған мемлекеттік неке сарайларында жүзеге асыру | Болмашы |
| 61 | Неке қиюды (ерлі-зайыпты болуды) мемлекеттік тіркеуді Қазақстан Республикасының аумағында азаматтығы жоқ адаммен неке қиюды ( ерлі-зайыпты болуды), егер ол адамның Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұрғылықты жері болса жүзеге асыру | Елеулі |
| 62 | Некеге құқық қабілеттілігі туралы анықтаманы Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде неке қиюды (ерлі-зайыпты болуды ) мемлекеттік тіркеу үшін Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын не бұрын тұрған азаматтарға, аудан ( қала) тіркеуші органының мұрағаты бойынша тексерулер негізінде, егер адам Қазақстан Республикасынан тыс жерге кеткенге дейін бір әкімшілік-аумақтық бірлікте тұрақты тұрған болса, неке қиюды (ерлі-зайыпты болуды) мемлекеттік тіркеу туралы акт жазбасының бар екендігін тексеру он алты жастан бастап жүргізіледі, өзге жағдайда анықтама осы аумақта тұрған кезден бастап беру | Елеулі |
| 63 | Некеге құқық қабілеттілігі туралы анықтаманы алу үшін жеке басын куәландыратын құжатты, некені ( ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы куәлікті немесе егер өтініш беруші некеде тұрса (ерлі-зайыпты болса) , жұбайының қайтыс болуы туралы куәлікті ұсынған кезде беру | Елеулі |

| | | |
|---|---|---|
| 64 | Некені қиюды (ерлі-зайыпты болуды) мемлекеттік тіркеуді бас бостандығынан айыру орындарында (қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерінде) қамауда отырған немесе жазасын өтеп жүрген адаммен неке қиюды ( ерлі-зайыпты болуды) мемлекеттік тіркеуді некеге отыратын адамдардың қатысуымен тіркеуші органдар неке қию (ерлі-зайыпты болу) шарттарын сақтай отырып, тиісті мекеменің үй-жайында жүзеге асыру | Елеулі |
| 65 | Некені қиюды (ерлі-зайыпты болуды) мемлекеттік тіркеуді сотқа дейін бұлтартпау шарасы ретінде қамауға алу таңдалған адамдармен тіркеуші орган адамды немесе осы іс жүргізуінде жатқан органды хабардар еткеннен кейін тергеу изоляторларында жүзеге асыру | Елеулі |
| 66 | Неке (ерлі-зайыпты болу) бұзылған немесе жарамсыз деп танылған жағдайда неке қию ( ерлі-зайыпты болу) туралы акт жазбасына қажетті мәліметтер некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу немесе жарамсыз деп тану туралы сот шешімінің не ерлі-зайыптылардың бірлескен өтініші бойынша тіркеуші органдарда некені ( ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы жазбаның негізінде жүзеге асыру | Елеулі |
| 67 | Мүдделі адамнан неке қиюды ( ерлі-зайыпты болуды) мемлекеттік тіркеу үшін кедергілердің бар екендігі туралы өтініш түскен жағдайда, неке қиюды (ерлі-зайыпты болу) мемлекеттік тіркеуді бір айдан аспайтын мерзімге тоқтата тұруға және өтініш берушіден белгіленген мерзімде тиісті деректі айғақтар беруді талап ету | Елеулі |
| | Некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы ерлі-зайыптылардың бірлескен өтініші негізінде, кәмелетке толмаған ортақ балалары жоқ және бір-біріне | |

| | | |
|---|---|---|
| 68 | мүліктік және өзге де талаптар қоймайтын ерлі-зайыптылардың некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуға өзара келісімі кезінде ерлі-зайыптылардың немесе олардың біреуінің тұрғылықты жері бойынша жүзеге асыру | Өрескел |
| 69 | Некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуды мемлекеттік тіркеу некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы ерлі-зайыптылардың біреуінің өтініші бойынша, жұбайын хабар-ошарсыз кеткен деп тану туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің, жұбайын әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп тану туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің, осы өтінішті берген жұбайдың тұрғылықты жеру бойынша жұбайының қылмыс жасағаны үшін кемінде үш жыл мерзімге бас бостандығынан айыруға сотталғандығы туралы сот үкімінің негізінде жүзеге асыру | Елеулі |
| 70 | Некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы сот шешімінің негізінде некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуды мемлекеттік тіркеуді сот шешімі шығарылған жер бойынша тіркеуші органда жүзеге асыру | Өрескел |
| 71 | Қазақстан Республикасы азаматының некесін ( ерлі-зайыптылығын) бұзуды мемлекеттік тіркеу шет мемлекеттің некені ( ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы күшіне енген сот шешімінің негізінде азаматтың тұрғылықты жері бойынша тіркеуші органда жүзеге асыру | Өрескел |
| 72 | Некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуды мемлекеттік тіркеуді тіркеуші орган некені ( ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы бірлескен өтініш берілген күннен бастап бір ай мерзім өткеннен кейін некені (ерлі-зайыптылықты) бұзушылардың өздері қатысқан кезде жүзеге асыру | Өрескел |
| | Некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуды мемлекеттік тіркеуді неке | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 73 | | қию (ерлі-зайыпты болу) туралы куәлік (неке қию (ерлі-зайыпты болу) сот шешімі негізінде бұзылған кездерді қоспағанда) некені (ерлі-зайыптылықты) бұзатын адамдардың жеке басын куәландыратын құжаттарды, неке бұзуды (ерлі-зайыпты болуды) мемлекеттік тіркеу үшін негіз болатын құжат, қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органның әрекетке қабілетсіз немесе хабар-ошарсыз кеткен деп танылған жұбайдың мүлкіне қорғаншы тағайындау туралы қорытындысын (некені бұзуды жұбайының әрекетке қабілетсіз немесе әрекетке қабілетті шектелген деп тану туралы заңды күшіне енген сот шешімі жағдайларында); мемлекеттік баждың төлегені туралы құжатты, нотариалды куәландырылған сенімхатты (неке қию ( ерлі-зайыпты болу) ерлі-зайыптылардың бірлескен өтініші негізінде бұзылған жағдайларды қоспағанда) ұсынғанда жүзеге асыру | Елеулі |
| 74 | | Некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуды мемлекеттік тіркеу кезінде хабар-ошарсыз кеткен деп танылған, әрекетке қабілетсіз немесе қылмыс жасағаны үшін кемінде үш жыл мерзімге бас бостандығынан айыруға сотталған адаммен некені ( ерлі-зайыптылықты) бұзу кезінде жұбайынан өтініш түскен күннен бастап бір апта мерзімде ол туралы қамауда жатқан жұбайға не әрекетке қабілетсіз жұбайдың қорғаншысына немесе хабар-ошарсыз кеткен деп танылған жұбайдың мүлкіне қорғаншыға хабарламаны алған күннен бастап қырық бес күн мерзім белгілей отырып хабарлауға, осы мерзім ішінде олар некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы туралы өтініш | Елеулі |

| | | |
|---|---|---|
| | бойынша өздерінің арасында дау бар екені туралы жазбаша хабарлауға құқылы | |
| 75 | Некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуды мемлекеттік тіркеу кезінде , некеге отыру кезде ортақ тегін сақтау немесе осы тегін некеге дейінгі тегіне өзгерту туралы көрсету | Елеулі |
| 76 | Бала асырап алу мемлекеттік тіркеу баланы асырап алу туралы заңды күшіне енген сот шешімі және баланың заңды өкілдерінің өтініші негізінде бала асырап алу туралы сот шешім шығарған, баланың туған немесе тұрған жері бойынша жүзеге асыру | Өрескел |
| 77 | Бала асырап алу мемлекеттік тіркеу баланың тууын тіркелгеннен немесе оның туу туралы жоғалған акт жазбасын қалпына келтірілгеннен кейін ғана жүзеге асыру | Елеулі |
| 78 | Бала асырап алу мемлекеттік тіркеу кезінде бала асырап алу туралы акт жазбасына бала және бала асырап алушылар туралы мәліметтер соттың шешімінде көрсетілген мәліметтерге сәйкес енгізу | Елеулі |
| 79 | Бала асырап алуды мемлекеттік тіркеуді жеке басын куәландыратын құжаттарды көрсеткен және соттың бала асырап алу туралы заңды күшіне енген шешімінің көшірмесін ұсынған кезде бала асырап алушының жазбаша өтініші, нотариат куәландырған сенімхат бойынша (өтініш беру үшін) жүзеге асыру | Елеулі |
| 80 | Асырап алынған баланың туған күні, айы, жылы мен туған жерін, тегін, атын, әкесінің атын өзгерткен, сол сияқты бала асырап алушыны туу туралы актілерді жазу кітаптарына асырап алынған баланың ата-анасы ретінде жазған кезде баланың туу туралы акт жазбасы қалпына келтіру, ЖСН қалыптастыру және баланың тууы туралы жаңа куәлігін беру (сот | Өрескел |

| | | |
|---|---|---|
| | шешімі негізінде баланың туған жері басқа әкімшілік бірлікке өзгертілген жағдайларды қоспағанда) | |
| 81 | Егер бала асырап алудың күші ата-ананың өтініші бойынша жойылса немесе қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын орган талап етуі бойынша оны жойса, бала асырап алуды жою немесе ата-ананың өтініші бойынша бала асырап алуды жарамсыз деп тану туралы соттың заңды күшіне енген шешімі негізінде асырап алу туралы жазбаны жою | Елеулі |
| 82 | Атын, әкесінің атын, тегін ауыстыруды мемлекеттік тіркеуді он алты жасқа толған және атын және (немесе) әкесінің атын, тегін ауыстыруға ниет білдірген адамның жеке өтініші бойынша дәлелді құжаттар ұсынылған кезде өтініш берушінің тұрғылықты жері бойынша жүзеге асыру | Өрескел |
| 83 | Атын, әкесінің атын, тегін ауыстыру туралы акт жазбасы жасалған адамның туу туралы акт жазбасына өзгерістер енгізу | Елеулі |
| 84 | Азаматтың аты, әкесінің аты, тегі ауыстырылған жағдайда, бұл туралы хабарлама бір апта мерзімде азаматтың тұрақты тұрғылықты жері бойынша ішкі істер органдарына, Ұлттық қауіпсіздік комитетіне, прокуратура органдарына, жергілікті әскери басқару органдарына, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметке, мемлекеттік кіріс органына, сондай-ақ тууды мемлекеттік тіркеу орны бойынша тіркеуші органға жіберу | Елеулі |
| 85 | Қайтыс болуды мемлекеттік тіркеу қайтыс болған адамның тұрған жері бойынша немесе ол қайтыс болған жер бойынша медициналық ұйым берген қайтыс болу туралы құжат немесе қайтыс болу фактісін белгілеу туралы немесе адамды қайтыс болды деп | Өрескел |

| | | |
|---|---|---|
| | жариялау туралы соттың заңды күшіне енген шешімі негізінде жүзеге асыру | |
| 86 | Қайтыс болу туралы мәлімдемені қайтыс болған адаммен бірге тұрған адамдар, ал ондай адамдар болмаған жағдайда көршілері, тұрғын-үй пайдалану ұйымдарының қызметкерлері, жергілікті атқарушы органдар, қайтыс болған адамды күтіп-баққан не адам сонда қайтыс болған ұйымның әкімшілігі немесе мәйітті тапқан ішкі істер органы жазбаша түрде қайтыс болуды мемлекеттік тіркеу жүзеге асыру | Елеулі |
| 87 | Мәйіттері танылмаған және талап етілмеген адамдардың қайтыс болуын мемлекеттік тіркеу туралы өтінішті қайтыс болған адамның тұрған жері бойынша сот-медициналық сараптамасы ұйымының лауазымды адамдары қайтыс болғаны туралы мәлімет қамтылған медициналық куәлікті енгізе отырып, жүзеге асыру | Елеулі |
| 88 | Қайтыс болған адамның жеке басын куәландыратын құжаттары және әскери билеті тапсырылған ( олар жоқ болған кезде себебі көрсетіледі) кезде қайтыс болуды тіркеу | Елеулі |
| 89 | Егер қайтыс болған адам кейіннен танылған болса, ол туралы жетіспейтін мәліметтер қайтыс болу туралы медициналық куәліктің және мәлімдеме жасаушының жазбаша өтінішінің негізінде қайтыс болу туралы актінің жазбасына қорытынды жасалмастан енгізу, қайтыс болу туралы анықтама беру | Елеулі |
| | Азаматтық хал актілерін тіркеу туралы куәліктерді жаңа туған баланың ата-аналарына, басқа уәкілетті адамдарға немесе бала тұратын ұйымның өкілдеріне (туу туралы); ата-аналарының біреуіне немесе олардың ниеті бойынша әрқайсысына (әке болуды анықтау туралы); ерлі-зайыптыларға неке қиылған жері бойынша неке ( | |

| | | |
|---|---|---|
| 90 | ерлі-зайыптылық) мемлекеттік тіркелген күні, қажет болған кезде некеге отыратын (ерлі-зайыпты болатын) адамдардың әрқайсысына (неке қию ( ерлі-зайыпты болу) туралы); ерлі-зайыптылардың өтініші бойынша некені ( ерлі-зайыптылықты) бұзуды мемлекеттік тіркеу уақытына қарамастан, ерлі-зайыптылардың әрқайсысына (некені ( ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы); бала асырап алушыларға мемлекеттік тіркелген орны бойынша (бала асырап алу туралы ); атын, әкесінің атын, тегін ауыстыру жүргізілген адамға мемлекеттік тіркеу орны бойынша (атын, әкесінің атын, тегін ауыстыру туралы); қайтыс болған адамның мұрагерлерінің аясына кіретін жақын туыстарына не қайтыс болған адам қамқорлықтарында болған азаматтарға, сондай-ақ қайтыс болған адам тұрған немесе жазасын өтеген мемлекеттік ұйымдар әкімшілігінің өкілдеріне, басқа туыстарына мұрагерлік іс қарауында жатқан нотариустың хабарламасы бойынша (қайтыс болу туралы) азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу туралы жазбасының негізінде беру | Өрескел |
| 91 | Азаматтық хал актілері куәліктерінің бланкілерін жанбайтын сейфте сақтау | Өрескел |
